

Салыстыру - сенімнің жауы.

Адам баласы әрдайым өзін өзгемен салыстырып өмір сүреді. Біреу бай, біреу сұлу, біреу ақылды, біреу табысты — біз осындай «өзгелердің жетістігіне» қарап өз өмірімізге күмәнмен қарай бастаймыз. Осылайша ішіміздегі сенім сөне бастайды. Сенім сөнсе — мақсат та, мотивация да, тіпті армандар да жоғалады. Сондықтан да «Салыстыру — сенімнің жауы» деген тіркес бекер емес.

Сенім — адамның өзіне, болашағына, мүмкіндігіне деген ішкі наным. Бұл — адамды алға жетелейтін, қиындықта сынбай, сынақта сүрінбей тұруға көмектесетін ең үлкен күш. Адам өзіне сенгенде ғана үлкен белестерді бағындыра алады. Бірақ сенім нәзік. Оны сақтау қиын, ал жоғалту оңай. Әсіресе өзгені үлгі етіп, өзіңді кем көргенде. Қазіргі қоғамда әлеуметтік желілер арқылы адамдардың «ең жақсы сәттерін» көріп, солардың өмірімен өзімізді өлшеу әдетке айналды. Біреу шетелге кетіпті, біреу атақты болыпты, біреу қымбат көлік мініпті — біз «мен неге бұлай емеспін?» деп ойлаймыз. Бұл ойлар сенімді жейді. «Ол менен ақылдырақ», «ол менен әдемірек», «ол бәріне үлгеріп жатыр, ал мен босқа жүрмін» деген іштей айтылатын сөздер өз-өзімізге деген сенімді әлсіретеді.

Әркімнің жолы — бөлек

Салыстыру — адамның өмір жолындағы табиғи процесін бұзады. Әр адам — өзінше бір әлем. Әркімнің жолы, уақыты, бағыты бөлек. Біреу ерте жетіледі, біреу кеш түсінеді. Бірақ бұл ешкімнің бір-бірінен кем екенін білдірмейді. Егер біз әркімнің уақыты мен жолы әртүрлі екенін түсінсек, салыстырудың да мәні жоғалады. Сен өзіңнің бағытыңмен келе жатқаныңды, өзіңе тән мүмкіндігің бар екенін білсең — сенім қайта оралады.

Бұл жерде түйетін ой сенімнің күші - адам өмірінің негізі. Ол болмаса, адам жалғыздық пен күмәннің тұзағында қалуы мүмкін. Сондықтан өзіңді басқалармен өлшеме, өзіңнің ішкі құндылықтарыңа, күш-қуатыңа сен. Ешкімнің жетістігі сені төмендетуге немесе сенімді жоюға құқылы емес. Өмір - бұл бірегей саяхат, ол әркімге өз жолымен беріледі. Сол жолда өзіңнің сенімің - ең сенімді компасың. Соны жоғалтпаған адам кез келген қиындықтан шығып, арманына жете алады.